
Ыбырай
Алтынсарин
өмірі мен мұрасы

АЛҒЫ СӨЗ

ЫБырай Алтынсарин — қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған ұлы ағартушы, педагог, жазушы және қазақ даласында білім шырағын жаққан көрнекті тұлға. Оның бүкіл ғұмыры жас ұрпақты оқуға, өнер-білімге, адамгершілікке және еңбекқорлыққа тәрбиелеуге арналды.

Ұсынылып отырған комикс ЫБырай Алтынсариннің өмір жолын, балалық шағынан бастап ағартушылық қызметіне дейінгі кезеңдерді көркем суреттер арқылы баяндайды. Әрбір бетте оның білімге деген құштарлығы, атасы Балғожа бидің тәрбиесі, Орынборда оқуы, алғашқы мектеп ашу жолындағы еңбегі және қазақ балаларының сауатын ашуға қосқан үлесі бейнеленеді.

ЫБырай Алтынсарин қазақ балаларына арналған мектептер ашып, оқулықтар жазып, қыз балалардың да білім алуына жол ашты. Оның «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегі ұрпаққа білім мен тәрбие берудің маңызды құралына айналды. Ағартушының «Кел, балалар, оқылық!» деген үндеуі бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Бұл комикстің мақсаты — жас оқырмандарға ұлы ағартушының өмірі мен еңбегін қызықты әрі түсінікті түрде таныстыру, тарихи тұлғаға деген құрметті арттыру және білімнің адам өміріндегі маңызын ұғындыру.

ЫБырай Алтынсариннің өнегелі өмірі — әрбір ұрпаққа үлгі. Оның жаққан білім шамы ешқашан сөнбейді, ал халқына қалдырған мұрасы ғасырлар бойы жас ұрпаққа рухани бағдар бола береді.


Қазақтың аса көрнекті
ағартушы-педагогы, жазушы,
этнограф, фольклоршы,
қоғам қайраткері
Ыбырай Алтынсарин
1841 жылы 26-шы
қазанда қазіргі
Қостанай облысы,
Затобол ауданында
дүниеге келген.


Әкесінің есімі Алтынсары,
анасы Айман.
Алтынсары өз еңбегімен
тіршілік еткен, қарапайым
шаруа адамы болған.


Ал анасы Айман
арғын руының ішіндегі
Шеген деген бидің
қызы.


Әкесі Алтынсары
Ыбырайдың үш-төрт
жасында қайтыс
болып кетеді.
Сол себептен бала
Ыбырай атасы
Балғожа бидің
тәрбиесінде болады.


Балғожа би — өз өңіріне танылған беделді, елге сыйлы тұлға.
Ол Ұзын қыпшақ руынан шыққан.
Өзі текті, парасатты, ел-жұртқа жол көрсетіп,
әулетінің ісіне басшылық
жасап отырған
беделді би болған.


Ыбырай Алтынсарин жасынан өте ынталы болған.
Атасы Балғожа Ыбырайды тойларға, жиындарға өзімен ерте жүріп, немересін іскерлікке, білімділікке, сөз сөйлеу шеберлігіне үйретеді.


Ыбырай Алтынсариннің атасымен бірге жүруі өмірі үшін өте маңызды болды.

Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған би,
Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді,
белгілі кісі болған.



Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған "төре" болып шығуы, ата-анасын асырауы.

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.
Қолыңа құрық алып кетер едің.

Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

Замана бет алысып өзінше болжаған Балғөжа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды.





Ыбырай Алтынсарин білімге деген құштарлығының арқасында атасы Балғожа бидің қолдауымен Орынбордағы Шекара комиссиясы жанынан жаңадан ашылған мектепке қабылданды. 1850 жылы 22 тамызда ол мектепке қабылданған алғашқы 30 қазақ баласының бірі болды.



Осылайша, ол Шекара комиссиясы жанындағы мектепке оқуға қабылданады.



Мектепте оқып жүргенінде, Шекспир, Гёте, Байрон, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Фирдоуси, Низами, Навои және т.б. сияқты әлемдік әдебиет классиктерінің шығармаларын өз бетімен оқып, зерттеді.

Сонда жүріп Шекара комиссиясында қызмет еткен шығыстанушы В.Григорьевпен жақын араласады.

Тіпті, Григорьевтің үйіне жиі барып, оның кітапханасын қолданды.




1857 жылы оқуын “өте жақсы” деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады.
АТТЕСТАТ
“ӨТЕ ЖАҚСЫ”


Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады.
Мен тілмаш болып қана қоймай, туған халқыма пайдалы болатын іс істеуім керек. Менің жолым – ағартушылық болмақ.

Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы — қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп,жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді.



1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді.



1857 жылы оқуын “өте жақсы” деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады.



Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы. — қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп,жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді.



Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады.



1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді.



Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады.



Мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады.



Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады.




1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді.



Ыбырай біраз баланы өз үйінде оқытады.






‘Осы жылы қаңтардың 8 күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім".

– деп жазады, ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында.

Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады.

Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады.

Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді.







Сонымен бірге Ыбырай ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздікті де көре білді.




Ыбырай мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұғады. Бұл оны жігерлендіре түседі.



Ыбырай Н.И.Ильминскийге жазған әлгі хатында тағы да былай дейді:
“Қазақ даласын үш жылдай аралаған Сіздің қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін. Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз”.
Туған халқы туралы мұндай ой Ыбырайдың демократтық көзқарасына негіз болды және оны сеніммен жұмыс істеуге шабыттандырды.


Әкімдердің зорлықшыл сорақы қылықтарын сынға алды. Олардан қарапайым халықты қорғайды.


"Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын, — деп жазды ол 1864 жылы Ильминскийге, олардың ішінде менің өз туысқандарым да бар. Олардың сырын жақсы білемін, көбін тіпті жек көремін, қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды — қарсылық көрсете алмай, қасқырдың аузында жем болатын қорғансыз момындарды — адамшылықтың шегінен шыға, арсыздықпен тонайды, талайды. Соларды көргенде... өте қатты күйінемін... Осы елдің күшті жемқорларының бірі өздерінің істеп жүрген істерін менің жақтырмайтынымды біліп қалды... Сондықтан ол мені бұл арадан қуып жіберудің амалын істеп жүр".


1876 жылы Ыбырай Петербург, Қазан қалаларына барады. Орыстың ағартушылық жүйесін, орыс ағартушы дарының еңбектерін зерттейді. Қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды.


1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады.
ТОРҒАЙ
ЫРҒЫЗ
ТРОИЦК
АҚТӨБЕ


Ыбырайдың ағартушылық, демократтық көзқарастары осылайша қалыптасып, дамыды. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ол ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Сол ниетпен бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды.


1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады.


1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды. Ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды.
ҚОЛӨНЕР МЕКТЕБІ


Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. Бұған ескішіл әдет-салттарға қарсы күрестің бір жолы есебінде қарайды.



Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алды.



Ыбырай мектептерге ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды.



1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы – оның ағартушылық аса зор еңбегі.




1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды.



Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады.

"Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды".



Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді.



Осы жолда Ыбырай көп қиыншылықтар да кездестірді. Ел ішіндегі ескішілдік, парақорлық пен өсек-аяң оның жанын күйзелтті.



Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды.




1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол:
1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол: "Қазақтарға – осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру — қалай дегенмен де аса қажет болып отыр", – деп жазды.


Мәдениетті де талантты педагог-жазушы әрі мінезге бай, адамгершілік, жолдастық қасиеті мол Ыбырай орыс зиялыларының арасында мейлінше беделді, сыйлы болған.


Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді.


1879 жыл. Ыбырай — Торғай облысының мектептер инспекторы.
Торғай облысы
Торғай
Ырғыз
Ақтөбе
Николаевск
1. Торғай уезі
2. Ырғыз уезі
3. Ақтөбе уезі
4. Николаевск уезі


"Қазақ хрестоматиясы" жарық көрді — қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтардың бірі.
ОРЕНБУРГ БАСМАХАНАСЫ 1879
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ
ОҚУ КІТАБЫ


Ол өз ұстаздарына алғашқы кітапты жолдады.
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ


Қазақ балалары алғаш рет өз тілінде білім ала бастады.
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ
ОҚУ КІТАБЫ
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ
ОҚУ КІТАБЫ

1881–1883 жылдар. Торғай облысында мектептер желісі кеңейді.



Торғай қолөнер училищесі ашылды.



1886 жыл: 208 оқушы, 18 мұғалім.






34 түлек — олардың алтауы гимназияға, екеуі медицина мектебіне түсті.




1887 жыл. Ырғыз қыздар училищесі ашылды — бұл тарихи оқиға еді.
ЫРҒЫЗ ҚЫЗДАР УЧИЛИЩЕСІ


"Ана — ұлт тәрбиесінің бастауы", — деп сенді Алтынсарин.


Алғашқы әріп — үлкен жеңіс.
Әліппе
Білім – жарық жол.


Ол болашақ төрт мектепті жоспарлады.
Торғай ОБЛЫСЫ
Қостанай
Ырғыз
Ақтөбе
Қарабұтақ


1888–1889 жылдар. Ауру меңдеп бара жатса да, ол мектептерді аралауды тоқтатпады.
Ол болашақ үшін соңғы ұсыныстарын жасады.
ҚОСТАНАЙ ГУБЕРНАТОРЫ БАРАБАШ
ҰСЫНЫСТАР:
1. Қазақ студенттеріне стипендиялар бөлу.
2. Қыздар мектептерін ашу.
3. Ауыл шаруашылық мектебін құру.
Соңғы күндерге дейін ол — ұстаз.
Бүкіл дала оны шақырды.
ҚОСТАНАЙ


1889 жылдың 17 шілдесі.
Сағат он бір шамасында қазақ даласының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өмірден өтті.


Бірақ оның жаққан шамы сөнген жоқ.
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ


Ол салған жолмен бүгін де ұрпақтар білімге қадам басып келеді.
Білім — елдің ертеңі.
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ


Оның жарығы әлі де жанып тұр.
МЕКТЕП


Оның ашқан мектептері бүгінге дейін жарқырап тұр.
Қостанай
Ырғыз
Ақтөбе
Торғай
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ


Бір кітап — көптеген ұрпаққа жол болды.
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ
1879
Қазақтың тілі — бірліктің, ілімнің, еркіндіктің тілі.
Қазақтың тілі — бірліктің, ілімнің, еркіндіктің тілі.


Дала бүгін де сол дала — тек жолдары білімге бастайды.
МЕКТЕП


ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН
1841–1889
Дала балаларына жарық сыйлаған ұлы ағартушы.